ТӨЛЕБИ ТУЫ

«Төлеби туы kz» қоғамдық-саяси газетінің редакциясы» ЖШС

Мекен-жайы: 161100, Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Леңгер қаласы, Төлеби көшесі, 294.
тел. 6-20-14 БИН 130340000333 ИИК KZ406010291000176243 код 17
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ БИК HSBKKZKX

№ 37

10 сәуір 2019 жыл

Түркістан облыстық Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне

«Төлеби туы kz» қоғамдық-саяси газетінің редакциясы» ЖШС-нен
БИН 130340000333
мекен-жайы: Төлеби ауданы, Леңгір қаласы,Төлеби көшесі, №294 үй.
Тел: 8(72547)6-20-14,
8-701-408-72-32

Шағым-арыз

«Төлеби ауданы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің 2019 жылғы 4 қаңтардағы №7 шешімімен жарияланған №3003379-ОК1 ашық конкурсы өтті.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының талаптары өрескел бұрмаланып өткізілген конкурстың 2019 жылғы 8 сәуірдегі қорытындылар туралы хаттамасын жарамсыз деп табуды сұранамыз. Себебі, аудан әкімі аппаратының басшысы Есімхан Жанысұлы Қадырбеков төрағалық еткен комиссия Заңды да, өзі бекіткен техникалық ерекшеліктің талаптарын да аяқасты етті.

Біріншіден, ЖСН 761007401062 ықтимал өнім беруші «Хангельдиева» ЖК-ді *«Газеттің бағыты қоғамдық саяси бағытта емес, штат кестесінде 2 ғана тілші, 3 болу керек»,* деген уәжбен конкурстық құжаттама мен біліктілік талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты конкурсқа қатыстырудан **негізсіз** бас тартты.

Екіншіден, айрықша қамқорлыққа алған, ЖСН 061040006170, «Төлеби-пресс» ЖШС-ін жалған ақпарат ұсынғанына қарамастан, конкурсқа қатысуға жіберді. Ал шын мәнінде бұл мекеме шығаратын «Леңгір жаршысы» газетінің таралымы 1900 дана деп көрсетілген, әрі редакцияда газет шығарушы бір ғана адам – оператор-мәтін теруші Ботагөз Пернекұлова тілші санатында екендігі бүкіл ауданға аян. *Екі ғана тілшісі бар* деп конкурстан шеттетілген ЖК Хангельдиеваның «Төлеби таңы» газеті *қоғамдық-танымдық* бағытта болса, *бір ғана тілшісі бар* «Леңгір жаршысы» газеті *апталық тәуелсіз газет* ретінде тіркелген. Демек, екеуі де техникалық ерекшелік бойынша талап етілген *қоғамдық-саяси* бағытта емес.

Үшіншіден, әлеуетті өнім беруші газетінің таралымы 4000 данадан кем болмауы қажеттігі жайлы конкурстық құжаттамадағы техникалық ерекшелік талабы назарға алынбады.

Конкурсты ұйымдастырушылар «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес сарапшыны айқындау туралы біздің ұсынысымызды бұл жолы да қабылдамады. Конкурстық комиссия мүшелері сыбайлас жемқорлыққа жол ашып, былтырғы ескі сценарий бойынша ойына келгенін істеді. Алдын ала рұқсат беру, қорытындылар туралы хаттамаларды порталға қасақана мерзімінен кешіктіріп салды.

«Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығының 150-тармағының 1,2-тармақшасының біліктілік талабы және конкурстық құжаттаманың талабы бойынша дұрыс емес ақпарат беру фактісінің орын алуына көз жұма қарады.

«Төлеби туы kz» қоғамдық-саяси газетінің редакциясы» ЖШС өткен жылдың 2 тамызында Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне №67 хатпен жолдаған шағым-арызында осы бүгін аталып отырған «Төлеби-пресс» ЖШС-нің біліктілік талаптарын бұрмалап, жалған мәлімет беру арқылы «Төлеби ауданы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің 2018 жылдың 30 сәуіріндегі №39 шешімімен жариялаған №2565628-ОК1 ашық конкурсына негізсіз қатысқаны жайлы айтылған еді. Облыстық ішкі аудит департаменті өз шешімін шығарып, талапты бұзушылық жойылғанымен, конкурсты ұйымдастырушылар сыбайластыққа жол ашып, «Төлеби-пресс» ЖШС-ін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану үшін сотқа талап-арыз беруге міндетті болса да, одан бас тартты. Бұл факт басқа да бақылаушы органдар назарынан тыс қалды.

Сол себепті жоғарыда келтірілген фактілер негізінде ашық конкурс қорытындысына құқықтық баға бере отырып, Заң және конкурстық құжаттама аясында шешім қабылдауыңызды сұранамыз.

Хатқа қосымша:

1. *«Төлеби туы kz» қоғамдық-саяси газетінің редакциясы» ЖШС ОҚО ішкі аудит департаментіне 2018 жылғы 2 тамызда жолдаған №67 хатының ксерокөшірмесі.*
2. *ОҚО ішкі аудит департаментінің «Төлеби туы kz» қоғамдық-саяси газетінің редакциясы» ЖШС-не 2018 жылғы 24 тамызда жолдаған №09-03/4659 хатының ксерокөшірмесі.*
3. *№3003379-ОК1 ашық конкурсына арналған техникалық ерекшеліктің ксерокөшірмесі.*
4. *«Леңгір жаршысы» газетінің логотип-паспортының көшірмесі.*
5. *ЖК «Хангельдиеваның» «Төлеби таңы» газетінің логотип-паспортының көшірмесі.*

Құрметпен,
ЖШС директоры,
бас редактор **Ә.РАХМАНҚҰЛОВ.**

ТӨЛЕБИ АУДАНЫ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ • ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚО ТӨЛЕБИЙСКИЙ Р-Н ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ • "Төлеби туы kz" қоғамдық-саяси газетінің редакциясы